# 2011 жылы Қарабалық ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 8 сәуірдегі № 66 қаулысы. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 сәуірде № 9-12-155 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімі аппараты бысшысының 2013 жылғы 2 мамырдағы № 05-10/468 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - ( Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімі аппараты бысшысының 02.05.2013 № 05-10/468 хатымен).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдер мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері бекітілсін.

2. Жұмыс беруші және "Қарабалық ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің арасында қоғамдық жұмыстарды атқаруға шартты жасаған кезде "Қоғамдық жұмыстарды орындауға типтік шарт" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 91-п бұйрығымен бекітілген № 4 қосымшасы басшылыққа алынсын.

3. Жұмыс берушілер аудандық бюджеттен еңбегіне ақыны төлеу жөніндегі шығыстарды өтеу үшін ай сайын атқарылған жұмыстардың актілерін "Қарабалық ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне ұсынсын.

4. Бюджеттік бағдарламаның әкімдері мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік салық, қосылған құнына салық және

төленетін еңбек демалысының пайдаланбаған күндеріне өтемдік төлемдерді есепке алумен орындалған жұмыс (қызмет) актінің негізінде, жұмыс берушілердің қоғамдық жұмыстар қатысушыларының еңбегіне ақыны төлеуге кеткен шығыстарын 2011 жылға арналған Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген ең төмеңгі айлық жалақының бір жарым мөлшерінде өтесін.

5. "Қарабалық ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу кезінде аталған қаулыны басшылыққа алсын.

6. "Қарабалық ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Жұмыспен қамту бағдарламасы" бюджеттік бағдарламасы бойынша қаржыландыруды жүзеге асырсын.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға өз әрекетін таратады.

*Қарабалық ауданының әкімі Ф. Филиппов*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Көмек" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны директорының м.а.*
*________ М. Тайлекбаев*

*2011 жылғы 8 сәуірде*

Аудан әкімдігінің
2011 жылғы 8 сәуірдегі № 66
қаулысымен бекітілген

## Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдер мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері

| Ұйымның атауы | Жұмыстардың түрлері | Жұмыстардың көлемдері | Қоғамдық жұмыстардың ұзақтығы (айлар) |
|---|---|---|---|
| | 1. Қарабалық кентінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көмек:<br>1) кент аумағын санитарлық тазалауға қатысу;<br>2) Ұлы Отан Соғысы қатысушыларының, жалғызбасты азаматтардың тұрғын үйлерін жөндеуге көмек;<br>3) қараусыз қалған пәтерлерді қалпына келтіруге және жөндеуге қатысу;<br>4) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің, "Тыңға қатысушылардың", "Саяси қуғын-сүргін құрбандарының", Мұхамеджан Сералиннің, Лениннің ескерткіштерін жөндеуге көмек;<br>5) қоғамдық дәретхананы орнатуға көмек;<br>6) қоқыс жинағыстарды орнатуға көмек;<br>7) Гагарин көшесінде жөндеу жұмыстарына қатысу. | 187440 ш.м. | 9 | |
| | 2. Бозкөл селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек:<br>1) округ аумағын санитарлық тазалауға қатысу;<br>2) Ұлы Отан Соғысы қатысушыларының, жалғызбасты азаматтардың тұрғын үйлерін жөндеуге қатысу;<br>3) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің | | 3 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ескерткіштерін жаңғартуға және жөндеуге көмек. 3. Белоглин селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек: 1) округ аймағын санитарлық тазалауға қатысу; 2) Ұлы Отан Соғысы қатысушыларының, жалғызбасты азаматтардың тұрғын үйлерін жөндеуге көмек; 3) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін жаңғарту және жөндеуге қатысу. | 76880<br><br>42100 | ш.м.<br><br>ш.м. | 3 |
| | 4. Бөрлі селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек: 1) округ аймағын санитарлық тазалауға қатысу; 2) Ұлы Отан Соғысы қатысушыларының, жалғызбасты азаматтардың тұрғын үйлерін жөндеуге көмек; 3) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін жаңғарту және жөндеуге қатысу; 4) спорт алаңдарды косметикалық жөндеуге қатысу; 5) ауыз-сулы 3 қоғамдық құдықты жөндеуге қатысу; 6) Бөрлі селолық | 16098 | ш.м. | 3 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | клубын косметикалық жөндеуге (әктеу, сырлау) көмек;<br>7) Тасты-Өзек селолық клубын косметикалық жөндеуге (сылақтау, әктеу, сырлау) қатысу;<br>8) Селолық әкімдігі ғимаратының үшін косметикалық жөндеуге (әктеу, сырлау) қатысу.<br>5. Қарабалық селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек:<br>1) округ аймағын санитарлық тазалауға қатысу;<br>2) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін жөндеуге көмек;<br>3) спорт алаңын, құдықтарды жөндеуге қатысу;<br>4) ішкі шаруашылық жолдарды жөндеуге (көлікке тиеу және себу) қатысу;<br>5) әкімдік ғимаратын косметикалық жөндеуге көмек.<br>6. Есенкөл селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек:<br>1) округ аймағын санитарлық тазалауға қатысу;<br>2) қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін жаңғартуға көмек;<br>3) Селолық Мәдениет үйінде жөндеу | 14885 ш.м. | 3 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жұмыстарына қатысу; 4) жолдарды жөндеу, ғимараттарды бөлшектеу, консервациялауға қатысу; 5) мәдениетті маңыздағы іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу (округта, ауданда спорт жарысы, концерттер); 6) қоғамдық компанияларды өткізуге қатысу (ауланы айналап өту, ел тұрғындарды сұрастыру). | 9910 ш.м. | 3 | |
| "Көмек" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны | 7. Михайлов селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек: 1) округ аймағын санитарлық тазалауға қатысу; 2) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін жөндеуге көмек, қатысу; 3) Ұлы Отан Соғысы қатысушыларының, жалғызбасты азаматтардың тұрғын үйлерін жөндеуге қатысу. 8. Қостанай селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек: 1) округ аумағын санитарлық тазалауға қатысу; 2) Ворошилов селосындағы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан | 24587 ш.м. | 3 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жауынгерлердің ескерткіштерін жаңғартуға және жөндеуге көмек; 3) Целинный селосындағы фельдшер пунктінің, кітапхана ішкі жайын жөндеуге (әктеу, сырлау, терезелерді бітеу) қатысу; 4) Котлован селосындағы фельдшер пунктінің ішкі жайын жөндеуге (әктеу, сырлау, терезелерді бітеу) қатысу; 5) Елшан селосының кітапханасын, спорт алаңын жөндеуге (әктеу, сырлау) қатысу. | 123500 | ш.м. | 3 |
| | 9. Новотроицк селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек: 1) округ аймағын санитарлық тазалауға қатысу; 2) селолық әкімдіктің ғимаратын жөндеуге (әктеу, сырлау) көмек, қатысу; 3) жалғызбасты зейнеткердің пәтерін жөндеуге (әктеу, сырлау) қатысу. | 20224 | ш.м. | 3 |
| | 10. Победа селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек: 1) округ аймағын санитарлық тазалауға қатысу; 2) Ұлы Отан Соғысы қатысушыларының, жалғызбасты азаматтардың тұрғын | 76950 | ш.м. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | үйлерін жөндеуге қатысу. 3) жолдарды жөндеуге, ғимараттарды бөлшектеуге, консервациялауға қатысу; 4) Спорт алаңын жөндеу, балалар алаңын құралдандыруға қатысу. | | 3 |
| | 11. Өрнек селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек: 1) округ аумағын санитарлық тазалауға қатысу; 2) Приречный селосындағы спорт алаңын, орталық алаңын Приречный орта мектебінің алаңшысын жөндеуге қатысу; 3) стадионды қайтадан қалпына келтіруге көмек. | 16098 ш.м. | 3 |
| | 12. Славен селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек: 1) округ аймағын санитарлық тазалауға қатысу; 2) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін жөндеуге көмек; 3) Ұлы Отан Соғысы қатысушыларының, жалғызбасты азаматтардың тұрғын үйлерінің жөндеуге қатысу; 4) кітапхананы | 19900 ш.м. | 3 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жөндеуге көмек. | | |
| | 13. Смирнов селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек:<br>1) округ аймағын санитарлық тазалауға қатысу;<br>2) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін жөндеуге көмек;<br>3) ішкі шаруашылық жолдарды жөндеуге қатысу – 6 ш.м. (көлікке тиеу, қоқыспен сеуіп шығу және тегістеу);<br>4) Әлеуметтік-мәдениеттік тағайындау объектілерді жөндеуге қатысу: стелланы косметикалық жөндеу, спорт алаңдардың жөндеуіне қатысу, Смирнов, Рыбкин, Батманов селоларының кітапханаларын косметикалық жөндеу. Смирнов селосының селолық клубын косметикалық жөндеу. | 93508 ш.м. | 3 |
| | 14. Станцион селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек:<br>1) округ аумағын санитарлық тазалауға қатысу;<br>2) стадионды жөндеуге көмек. | 30550 ш.м. | |
| | 15. Тоғызақ селолық округінің аумағын аббаттандыруға алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін көмек: | | 3 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1) округ аймағын санитарлық тазалауға қатысу;<br>2) әлеуметтік-мәдениеттік тағайындау объектілерді жаңғарту және жөндеуге қатысу: клуб ғимаратын, спорт залын, спорт алаңын, балалық алаңдарын;<br>3) әкімдіктің ғимаратын жөндеуге көмек;<br>4) Ұлы Отан Соғысы қатысушыларының, жалғызбасты азаматтардың тұрғын үйлерін жөндеуге қатысу. | 13900 ш.м. | 3 |
| Қоғамдық жұмыстарға төлем: | | | |
| Әлеуметтік аударым 5 % | | | |
| Банк және Қазпоштамен қызмет көрсету | | | |
| Барлығы | | 766530 | 10 |

кестенің жалғасы:

| Қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың саны | Қаржыландыру көздері | Еңбек ақының мөлшері | Қоғамдық жұмыстардың төлемдері | Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары |
|---|---|---|---|---|
| 209<br>3<br>2<br>3<br>2<br>2<br>2<br>6<br>2<br>2<br>3<br>2 | Қарабалық ауданының бюджеті | Айына ең төменгі жалақының 1,5 мөлшері | 5015791<br>215991<br>143994<br>215991<br>143994<br>143994<br>143994<br>431982<br>143994<br>143994<br>215991<br>143994 | Қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың саны біреуінің жұмыс уақытының ұзақтығы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке ала отырып аптасына 40 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3<br>3<br>2 | | | 215991<br>215991<br>143994 | сағаттан артық емес, екі демалыс күнімен, бір сағаттан кем емес түскі үзілісімен |
| | | | 7679680 | |
| | | | 345586 | |
| | | | 94734 | |
| 246 | | | 8120000 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК